

Карантинді алып тастау және Тәжен ауылы әкімінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 01-05/11 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Тәжен ауылы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 01-05/15 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 маусымда № 4229 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" заңдарына сәйкес, сонымен қатар "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бейнеу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 26 мамырдағы №01-19/96 ұсынысының негізінде Тәжен ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Түйелердің арасында шешек ауруын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Тәжен ауылының тұрғыны Ж.Илиясовтың жеке ауласына белгіленген карантин алынып тасталсын.

2. Тәжен ауылы әкімінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі №01-05/11 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4193 болып тіркелген, 2020 жылғы 17 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Тәжен ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (М.Жанғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тәжен ауылының әкімі

Е. Тарғынов